



Жоба авторы - белгілі карагандылық мүсінші Жаубасар Калиев, КР суретшілер Одагының мүшесі, Ленинград коркем академиясының түлегі. Ол өз шығармашылығын казак ұлттық монументіне арнады.

Мүсінші Агыбай батыр ескерткішімен 2002ж. бастап еңбектеніп келеді. Алғашқы нұсқауларын жасау барысында, ол Агыбай батырдың 60 жасында түскен суретінің кошірмесіне сүйенген. Суреттің түп нұсқасы Эрмитаж қорында сақталған.

>Ескерткіш Балқаш қаласының 70 жылдық мерейтойын өткізу кезеңінде орнатылды. Мүсінші Жаубасар Калиев Агыбай батырдың портреті сақталмағандықтан, батыр бейнесін құрастыруда замандастардың сипаттамаларын қолданды.

Батыр ат үстінде, қолында найза.

Агыбай Қонырбайұлы 1802 жылы Ұлытау етегінде дүниеге келді, шыққан руы – аргын – шұбыртпалы. Ол Кенесары ханның адал досы және бірінші әскери кеңесшісі болған.

Кенесары әскері Агыбай батырдың қолдауымен патша әскері мен қырғыздың Орман

атты манаптын колына қарсы шайқастарда жеңіске ие болған. Омірінің соңғы жылдарында Тоқырауын озенінің жағалауында жер шаруашылығы және балық аулаумен айналысып, казактарды осы кәсіптерге үйретіп келген. Оңтүстік Балқашта Ағыбай батыр ағартушылық қызметпен шұғылданып, мешіт салдырады.

Ағыбай батыр 1885 жылы Балқаш озенінің манайындағы Тасарал атты жерде қайтыс болады. Колбасшы Сары арқа даласы мен Бетпақдала молдаласының торабында жерленген.

Ескерткіш демеушілердің қаржысына салынған. Ірге тассыз оның құны 30 млн теңге, оның құрылысына мемлекеттік қаржы жұмсалмаған. Салмақты үлесті қосқан «Түсті металл өңдеу зауыты» АҚ, жеке азаматтардың да ақшалай көмегі қорсетілді.

1992 жылы Айыртау-Сопыда республикалық көлемде Батырдың 190 жылдығына арналған мерейтойына байланысты үлкен іс-шара өтті. Облыс жұртшылығы 2002 жылы Батырдың 200-жылдығын кенінен атап өтті, 2007 жылы Балқаш қаласында батырға ескерткіш орнатылған.